www.aigak.kz
RESPÝBLIKALYQ APTALYQ GAZET
# АЙҒАҚ MEDIA
Gazet Qazaqstan Jýrnalıstıka Akademıasynyń "Altyn Juldyz", Qazaqstan Jýrnalıster odaǵynyń Turar RYSQULOV jáne Sattar ERÝBAEV atyndaǵy syılyqtarynyń, "Altyn júrek" syılyǵynyń ıegeri
Instagram YouTube facebook Telegram
№19 /sársenbi/ 13 mamyr 2026 jyl

## ШЫМКЕНТТЕ «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ САЛЫНАДЫ



Шымкент қаласында білім саласына серпін беретін тағы бір ауқымды жоба жүзеге аспақ. Қыз балаларға арналған «Білім-инновация» лицей-интернаты үшін 400 орындық жаңа оқу корпусы мен №2 жатақхананың құрылысына «Мемсараптама» РМК тарапынан оң қорытынды берілді. Бұл — өскелең ұрпақтың сапалы білім алып, жан-жақты дамуына жасалған маңызды қадам.

Қай заманда да елдің ең асыл қазынасы — білімді ұрпақ. Ұлттың ертеңі мектеп қабырғасынан қалыптасады. Сондықтан білім ордаларының заман талабына сай болуы — тек құрылыс емес, болашаққа құйылған инвестиция. Шымкентте қолға алынған бұл жоба да жас буынның білім мен тәрбиені қатар меңгеруіне бағытталған игі бастама ретінде бағаланып отыр.

Жобаға сәйкес, лицей аумағында заманауи үлгідегі үш қабатты оқу корпусы салынады. Кең әрі жарық ғимарат шәкірттердің алаңсыз білім алуына барлық жағдайды қамтамасыз етеді. Бірінші қабатта спорт залы, кең фойе және спортшыларға арналған киім ауыстыру бөлмелері орналаспақ. Бұл оқушылардың денсаулығын нығайтып, салауатты өмір салтын ұстануына мүмкіндік береді.

Екінші қабатта тренажер залы, құрал-жабдық сақтау бөлмелері, жаттықтырушылар мен нұсқаушылар кабинеттері, душ және санитарлық тораптар қарастырылған. Мұндай кешенді инфрақұрылым жастардың тек білімде ғана емес, спортта да биік жетістіктерге жетуіне жол ашады.

Лицей аумағында дене шынықтыру және спорт аймағы да талапқа сай жабдықталады. Мұнда футбол алаңы, 100 метрлік жүгіру жолы, баскетбол мен волейболға арналған аралас алаң, бастапқы әскери дайындық алаңы — саптық плац, воркаут-аймақ және ұзындыққа секіру секторын салу жоспарланған. Бұл нысандар оқушылардың шымыр болып өсуіне, жігері мықты, рухы биік азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Жобаның тағы бір ерекшелігі — оқу-тәжірибелік аймақтардың қарастырылуы. Мұнда егістік және көкөніс дақылдары егілетін учаскелер, жеміс бағы, көшет питомнигі, гүлді-декоративтік өсімдіктер өсірілетін және селекциялық жұмыстар жүргізілетін арнайы алаңдар болады. Бұл оқушылардың табиғатпен етене байланысып, еңбекке баулуына, ғылымға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жылыжай мен көшетхана алаңдары, географиялық және биология пәндеріне арналған тәжірибелік аймақтар да жобаланған. Теория мен тәжірибені ұштастырған мұндай білім кеңістігі шәкірттердің таным көкжиегін кеңейтіп, ғылымға деген ынтасын арттыра түспек.

Бүгінде мектеп — тек сабақ өтетін орын ғана емес, жас ұрпақтың арманын асқақтататын, тұлға болып қалыптасуына жол ашатын қасиетті шаңырақ. Осындай игі жобалардың жүзеге асуы — ел болашағына деген сенімнің айқын көрінісі.

Айта кетейік, жобаның тапсырыс берушісі — «Шымкент қаласының құрылыс басқармасы» ММ, ал бас жобалаушы — «Redline Pro» ЖШС.

**Ұлжан ҚАСЫМЖАНҚЫЗЫ.**

## ӘЛҚИССА

**13-14 мамыр күндері Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Астанаға Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған мемлекеттік сапармен келеді.**

**Мемлекеттер басшылары екіжақты байланыстардың қазіргі жай-күйі мен перспективасын талқылайды.**

**Сондай-ақ президенттер Қазақстан мен Түркия арасындағы Жоғары деңгейдегі стратегиялық ынтымақтастық кеңесінің алтыншы отырысын өткізеді.**

**15 мамыр күні Түркістан қаласында Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер басшыларының бейресми саммиті ұйымдастырылады.**

**Жиында «Жасанды интеллект және цифрлық даму» тақырыбы талқыланады.**





## ҚУАТЫ 200 МВТ ДЕЙІНГІ ДАТА-ОРТАЛЫҚ САЛУ ТУРАЛЫ МЕМОРАНДУМҒА ҚОЛ ҚОЙЫЛДЫ

**GITEX AI халықаралық технологиялық форумы аясында Қазақстан Республикасының Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі JMOT04 халықаралық консорциумымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл құжаттың мақсаты — Қазақстанға әлемдегі ең ірі hyperscale-операторларды тарту және әлемдік деңгейдегі цифрлық инфрақұрылым құру.**

**Меморандум Қазақстан Республикасының аумағында сенімділігі жоғары Tier III-Tier IV деңгейіндегі деректерді өңдеу орталығын (ДиО) салу жобасын іске асыруды көздейді. Объектінің жоспарланған қуаттылығы 50-ден 200 МВт-қа дейін жетеді. Қуаттылығы 200 МВт болатын (Tier IV деңгейі) деректер орталығының құрылысына салынатын инвестицияның болжамды көлемі 1-ден 1,5 млрд АҚШ долларына дейінгі аралықты құрайды.**

**Жобаны энергиямен жабдықтаудың тұрақты тәуелсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қуаттылығы 250 МВт-қа дейінгі газ электр станциясын салу жоспарланған. Бұл нысанға салынатын инвестиция көлемі 200-ден 400 млн АҚШ долларына дейін бағалануда. Аталған жобаны Ample Solution Limited компаниясы жүзеге асыратын болады.**

**Қазіргі таңда жобаның орналасатын жері таңдалуда. Басымдық газ инфрақұрылымына жақын орналасқан алаңдарға беріледі, бұл энергияны тиімді өндіруге және нысанның үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуге жол ашады.**

**«Қазақстанның бірегей географиялық орналасуы, салқын климаты мен электр энергиясының салыстырмалы түрде қолжетімділігі халықаралық деректерді өңдеу орталықтарын орналастыру мен цифрлық инфрақұрылымды дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды», деп атап өтті Жаслан Мәдиев.**

**Бұл жобаны іске асыру еліміздің цифрлық инфрақұрылымын ілгерілетуге, шетелдік инвестиция тартуға және Қазақстанның өңірлік технологиялық хаб ретіндегі беделін нығайтуға септігін тигізеді.**

**Шолушы.**

## «АЛАТАУ РЕЗИДЕНТІ» ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ БЕКІТІЛДІ

Мемлекет басшысы «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына қол қойды.  Конституциялық заңның негізгі мақсаты – Алатау қаласының қарқынды әрі орнықты дамуы үшін жағдай жасау.

Қаланың ерекше құқықтық мәртебесіне сай инновациялар, инвестициялар және экономикалық өсім үшін қолайлы орта құруға бағытталған дербес экожүйені қалыптастыруды көздейтін түбегейлі жаңа тәсілдер қолданылады.

Конституциялық заңға сәйкес, қаланы мемлекеттік басқарудың жаңа моделі енгізілді. Атап айтқанда, кәсіпкерлік, кеден ісі, цифрлық активтер, құмар ойындары, әлеуметтік сала, қаржы нарығы, архитектура мен қала құрылысы, экология әрі қоршаған ортаны қорғау, мәдениет, спорт және тағы басқа салаларды реттеудің негізгі қағидалары белгіленді.

«Алатау резиденті» құқықтық мәртебесі бекітілді. Арнаулы мәртебені әкімшілік бірқатар санат бойынша жеке және заңды тұлғаларға береді. Арнайы режимнің қолданылу көлемі мен тиісті құқықтар, міндеттер мен талаптар осы резидент мәртебесіне қарай анықталады.

Шаһардың ұзақ мерзімді инвестициялық және технологиялық өркендеуі стратегиялық құжаттар негізінде қамтамасыз етіледі. Нақты айтқанда, Алатау қаласының ұзақ мерзімді даму жоспары, мастер-жоспары және дамыту стратегиясы қабылданады.

Алатау қаласының қауіпсіздігін, сондай-ақ «ақылды қала» ретінде тиімді жұмыс істеуі мен дамуын қамтамасыз ету мақсатында инфрақұрылым нысандары мен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйелерінің барлық дерегі бірыңғай цифрлық басқару платформасына біріктіріледі.

Сонымен қатар қаланың инвестициялық климаты мен инвесторларға берілетін кепілдіктері, салық-бюджет саясаты, дизайны мен жер қатынастары аталған конституциялық заң аясында реттеледі.

Конституциялық заңның мәтіні баспасөзде жарияланады.

**«Айғақ»-ақпарат.**



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ БІРІНШІ ОРЫНБАСАРЫ НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаевқа өнеркәсіпті дамыту және ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыру мәселелері жөнінде баяндалды.

Президентке өңдеу өнеркәсібінде жүргізіліп жатқан негізгі жұмыстар туралы ақпарат берілді. Премьер-министрдің бірінші орынбасары қосылған құны жоғары өнім шығаруды арттыру және энергетикалық масыз етуді, отандық тауар өндірушілерді қолдауды және алдағы жылу беру маусымына дайындық шараларын бақылауды күшейту жөнінде тапсырма берді.

инфрақұрылымды жаңғырту жоспарына тоқталды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысына көлік-логистика инфрақұрылымы мен құрылыс саласын дамыту жайында айтылды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев инфрақұрылымдық жобалардың сапалы жүзеге асырылуын қамта-

## ЕРЛІК ПЕН ЖЕДЕЛДІКТІҢ ҮЛГІСІ: ҚҰТҚАРУШЫЛАР АДАМ ӨМІРІН АРАШАЛАП ҚАЛДЫ

Түркістан өңірінде Төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері тағы да кәсіби шеберлігі мен батылдығын дәлелдеп, адам өмірін сақтап қалудағы жанқиярлық еңбектерін көрсетті. Қауіпті жағдайларда жедел әрекет еткен құтқарушылар екі бірдей оқиғада азаматтарға дер кезінде көмекке келіп, ажалдан арашалап қалды.

Алғашқы оқиға Түркістан қаласындағы Юсупов көшесінде орналасқан жеке тұрғын үй аумағында орын алды. Белгісіз жағдайларда 1976 жылы туған әйел тереңдігі шамамен 12 метр болатын, су толы құдыққа құлап кеткен. Оқиға туралы хабар түскен сәттен бастап ТЖД қызметкерлері дереу жетіп, уақытпен санаспай құтқару жұмыстарына кірісті. Арнайы техникалар мен кәсіби дайындықтың арқасында құтқарушылар құдық ішіндегі әйелді абайлап жоғары шығарып, жедел жәрдем қызметкерлеріне тапсырды. Мамандардың шапшаң әрі үйлесімді әрекеті арқасында адам өміріне төнген қауіптің беті қайтарылды.

Осындай тағы бір оқиға Түркістан облысы Сарыағаш ауданында тіркелді. 112 кезекші пультіне ер адамның шұңқыр ішінде қалып қойғаны туралы хабарлама келіп түскен. Дабыл бойынша оқиға орнына жедел жеткен ТЖМ құтқарушылары жағдайды дереу бақылауға алып, арнайы шабуыл сатысы мен құтқару арқандарын пайдалану арқылы азаматты қауіпсіз жерге алып шықты. Құтқарылған ер адамға алғашқы көмек көрсетіліп, кейін медициналық қызметкерлердің қарауына тапсырылды.

Бұл оқиғалар – төтенше жағдай қызметкерлерінің күн сайынғы қауіпті де жауапты жұмысының айқын көрінісі. Қандай жағдай болмасын, адам өмірін сақтап қалуды басты міндет санайтын құтқарушылардың батылдығы, кәсібилігі және жедел әрекеті көпшілікке үлгі. ТЖД қызметкерлері тәулік бойы халықтың қауіпсіздігі үшін қызмет етіп, кез келген сын сағатта көмекке келуге әрдайым дайын екендерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

## АБАЙ ОБЛЫСЫНДА 90 АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖОБАСЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ

Мемлекет басшысының ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін екі есеге арттыру жөніндегі тапсырмасы аясында Абай облысында агроөнеркәсіп кешенін дамытуға бағытталған ауқымды стратегия жүзеге асырылуда. Негізгі бағыттар ретінде ет өндірісін дамыту, құс шаруашылығын өркендету, сүт фермаларын салу, сондай-ақ суармалы жерлерді тиімді пайдалану белгіленген, деп хабарлайды ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі.

2031 жылға дейін өңірдегі инвестициялық жобалар тізіміне жалпы құны 254 млрд теңгені құрайтын 90 бастама енгізілген. Жобалардың қатарында Бесқарағай ауданында жылына 150 млн жұмыртқа өндіретін құс фабрикасын салу қарастырылған. Инвестиция көлемі 5,5 млрд теңгені құрайтын нысанды биыл пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Сүтті мал шаруашылығын дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, Жарма ауданында 600 басқа арналған және Бесқарағай ауданында 1200 басқа арналған сүт фермаларын салу көзделген.

Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп ірі инвестициялық жобаларды іске асыру жөніндегі Жол картасы жүзеге асырылып жатыр. 2029 жылға дейін жалпы құны 112,5 млрд теңге болатын 19 жоба орындалмақ. Биыл алты нысан пайдалануға беріліп, 400-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Бірқатар жоба нақты іске асыру кезеңіне өтті. Ағымдағы жылдың ақпан айында құны 4 млрд теңге болатын «Агролидер KAZ» серіктестігінің бұршақ және басқа да ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдеу және тазалау зауыты іске қосылды.

Алдағы маңызды жобалар қатарында «Qazaq Astyq Group» серіктестігі базасында жылына 72 мың тонна тазартылған күнбағыс майын өндіретін зауыт (инвестиция көлемі – 8,3 млрд теңге), сондай-ақ «Евразия Агро Семей» серіктестігі базасында жылына 11 400 тонна өнім өндіретін ет комбинаты (инвестиция көлемі – 7,7 млрд теңге) бар.

Олардың барлығы саланың өндірістік әлеуетін айтарлықтай арттырып, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

## ТАКСИ ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КҮШЕЙТІЛУДЕ

ҚР Ұлттық экономика министрлігі такси тасымалдаушылардың хабарлама беру ережесіне өзгеріс енгізді. Енді тасымалдаушы такси қызметін бастамас бұрын жергілікті атқарушы органға хабарлама жіберуге міндетті. Сонымен қатар, жаңартылған нысанда көлік құралы ауыстырылғанда және жаңадан көлік қосылғанда, яғни автопаркті жаңарту кезінде өзгеріс енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Бұл шара жолаушыларды тасымалдау қауіпсіздігіне жауапты такси тасымалдаушысын жедел сәйкестендіруге, сондай-ақ нарықка заңсыз қатысушылардың үлесін қысқартуға мүмкіндік береді.

Өзгерістер «Мемлекеттік органдардың хабарламалар нысандарын және хабарламаларды қабылдау қағидаларын бекіту туралы, сондай-ақ хабарламаларды қабылдауды жүзеге асыратын мемлекеттік органдарды айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» бұйрыққа енгізілді.

## ЕГІС НАУҚАНЫНЫҢ МОНИТОРИНГІН ЖИ ЖАСАЙДЫ

Цифрлық технологияларды пайдалану және тұқым сапасын қадағалауды күшейту өсімдік шаруашылығының тиімділігін арттырудың негізгі факторлары болады. Үкімет отырысында саланы цифрландыру және агротехнологиялық іс-шараларды қамтамасыз ету туралы ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов баяндады.

Оның айтуынша, Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігі егін егу барысы туралы деректерді жинауға арналған платформа әзірлеп шығарған, ол қазір пилоттық режимде жұмыс істеп тұр. Болашақта өндірісті талдау және болжау үшін жүйеге жасанды интеллект элементтері енгізіледі.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес сәуір айынан бастап элеваторларды салу мен жаңғыртуды жеңілдікпен қаржыландыруға өтінімдер қабылдау басталды. Қаржыландырудың толық қамтамасыз ете отырып, элеваторлардың қуатын 1 млн тоннаға дейін кеңейту жоспарлануда», — деді Азат Сұлтанов.

## ШЕГІРТКЕГЕ ҚАРСЫ 275 МЫҢ ГЕКТАР АЛҚАП ӨҢДЕЛДІ

Түркістан облысында ауыл шаруашылығы алқаптарын зиянкестерден қорғау бағытындағы ауқымды жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Биыл өңірде шегіртке зиянкесіне қарсы күрес науқаны ерекше қарқын алып, бүгінгі күнге дейін 275 мың гектардан астам аумақ химиялық өңдеуден өткізілді. Бұл – диқандар еңбегін сақтап, егіннің өнімділігін арттыруға бағытталған маңызды шаралардың бірі.



Облыс көлемінде жүргізіліп жатқан кешенді жұмыстар барысын бақылау мақсатында облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков Ордабасы ауданында болып, химиялық өңдеу жүргізілген аумақтарды аралады. Жауапты сала мамандарымен кездесіп, зиянкестерге қарсы күрестің тиімділігін пысықтады.

Аудан әкімінің мәліметінше, бүгінде Ордабасы ауданындағы Қараспан, Қажымұқан, Бөржар және Бадам ауылдық округтерінде жалпы көлемі 12 522 гектар жер дәріленген. Ауыл шаруашылығы алқаптарын қорғау жұмыстарына мердігер мекеменің 10 арнайы техникасымен қатар, қосымша 17 техника жұмылдырылған. Сонымен бірге шегіртке ошақтарын анықтау және мониторинг жүргізу үшін 70-тен астам маман мен жұмысшы тартылып отыр. Қажетті химиялық препараттар толық жеткізіліп, жұмыстар үздіксіз жүргізілуде.

Өңір басшылығы тарапынан зиянкестердің таралуына жол бермеу үшін бақылау күшейтілген. Облыс әкімінің орынбасары мобильді топтарға химиялық өңдеу жүргізілген аумақтарды қайта зерделеп, аудандаралық шекараларда қатаң бақылау ұйымдастыруды тапсырды. Бұл шаралар шегірткенің бір өңірден екінші аумаққа таралуының алдын алуға бағытталған.

Орталық штаб ұсынған мәліметке сәйкес, бүгінге дейін Түркістан облысы бойынша жалпы 796,88 мың гектар аумаққа зерттеу жүргізілген. Оның ішінде 285,71 мың гектар жерде шегірткенің экономикалық зияндылық шегінен асқаны анықталған. Қазіргі таңда соның 275,11 мың гектары толық химиялық өңдеуден өтті.

Кең көлемдегі жұмыстарға барлығы 250 арнайы техника мен 51 су тасымалдаушы көлік тартылған. Мамандар күндіз-түні еңбек етіп, ауыл шаруашылығы жерлерін сақтап қалу жолында жүйелі жұмыс атқаруда.

Шегірткеге қарсы күрес әсіресе Келес, Сарыағаш және Арыс өңірлерінде жоғары қарқынмен жүзеге асуда. Атап айтқанда, Келес ауданында 140 мың гектардан астам жер өңделсе, Сарыағаш ауданында бұл көрсеткіш 57 мың гектардан асты. Ал Арыс қаласы аумағында 51 мың гектардан астам егістік пен жайылымдық жер химиялық өңдеуден өткізілген.

Сонымен қатар Бәйдібек, Шардара, Түлкібас, Сауран және Қазығұрт аудандарында да зиянкестерге қарсы күрес жұмыстары жоспарлы түрде жалғасып жатыр. Мамандардың айтуынша, дер кезінде қолға алынған кешенді шаралар ауыл шаруашылығы дақылдарын сақтап, өңірдің аграрлық әлеуетін қорғауда маңызды рөл атқарады.

Табиғатпен үндес тіршілік еткен Түркістан өңірі үшін жердің әр гектары – ырыс пен берекенің бастауы. Сондықтан егінге қауіп төндіретін зиянкестермен күрес – тек маусымдық жұмыс қана емес, елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды міндеттердің бірі.

**Бетті жинақтап, дайындаған: Әлия ҚҰРАЛБЕК.**

Тарихы тамырлас, тағдыры сабақтас қазақ пен өзбек елінің ынтымақтастығы бүгінде жаңа мазмұнмен толығып, өңіраралық байланыстар арқылы нақты нәтижесін көрсетіп келеді. Соның айқын дәлелі – Түркістан облысы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы экономикалық, мәдени және инвестициялық әріптестіктің қарқынды дамуы. Жуырда Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бахтиер Ибрагимовпен кездесіп, екіжақты байланыстың келешегі мен ортақ жобалардың жүзеге асу барысын кеңінен талқылады.



Кездесу барысында қос тарап сауда-экономикалық, инвестициялық, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, туризм және мәдени-гуманитарлық бағыттардағы ынтымақтастықты тереңдету мәселелеріне ерекше назар аударды. Әсіресе шекара маңы байланысын жандандыру, бірлескен өндіріс орындарын ашу, өзара тауар айналымын ұлғайту және инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жайы кеңінен сөз болды. Бұл бағыттағы жұмыстар екі ел президенттері – Қасым-Жомарт Тоқаев пен Шавкат Мирзиёев арасындағы достық пен өзара сенімге негізделген стратегиялық келісімдердің аясында жүзеге асып келеді.

Кездесуде сөз алған облыс әкімі Нұралхан Көшеров бауырлас екі ел арасындағы байланыстың тарихи маңызына тоқталып, Түркістан мен Өзбекстанның шекаралас өңірлері ежелден рухани әрі экономикалық тұрғыда тығыз байланыс орнатқанын атап өтті.

– Қазақстан мен Өзбекстан – ғасырлар бойы тағдырлас, рухани үндес халықтар. Бүгінде мемлекет басшыларының көреген саясатының арқасында екі ел арасындағы қарым-қатынас бұрын-соңды болмаған деңгейге көтерілді. Түркістан облысы бұл әріптестікті одан әрі нығайтуға әрдайым мүдделі. Біз сауда, инвестиция, туризм және мәдени-гуманитарлық салаларда бірлескен жобаларды жүзеге асыруға дайынбыз. Түркістан – түркі дүниесінің рухани алтын бесігі. Сондықтан бұл өңірдің дамуы бүкіл Орталық Азия кеңістігі үшін маңызды, – деді өңір басшысы.

Аймақ басшысы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Түркістан қаласының ерекше мәртебесі туралы» Заңға қол қоюы өңірдің дамуына тың серпін бергенін атап өтті. Бүгінде Түркістан тек тарихи-рухани орталық қана емес, халықаралық инвестиция мен туризмнің тартымды алаңына айналып келеді. Осы орайда Қазақстан мен Өзбекстан Президенттері қол қойған «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығын құру жөніндегі Жол картасы аясындағы жұмыстар да жүйелі жалғасып жатыр.

Кездесу барысында Түркістан облысының инвестициялық әлеуеті кеңінен таныстырылды. Өңірде жаңа өндіріс орындарын ашу, шетелдік инвесторларды тарту және бірлескен жобаларды іске асыру бағытында ауқымды жұмыстар қолға алынған. Әсіресе мақта-тоқыма кластерін дамытуға бағытталған ірі жобалардың жүзеге асуы өңір экономикасына серпін беріп отыр. Бұл бастамалар жаңа жұмыс орындарын ашып қана қоймай, экспорт көлемін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Түркістанның тарихи-мәдени мұрасын тиімді пайдалану мен туризм саласын дамыту мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Көне шаһар бүгінде күллі түркі жұрты тағзым ететін қасиетті мекен ретінде әлем назарын аударып келеді. Заманауи инфрақұрылым мен халықаралық деңгейдегі туристік нысандардың салынуы өңірдің әлеуетін еселей түсті.

Нұралхан Көшеров өз сөзінде Түркістан облысының экономикалық қуатына да арнайы тоқталды. Аймақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру бойынша республикада көш бастап тұр. Сонымен бірге Қазақстандағы ірі қара етінің экспортының 80 пайызын және ұсақ мал етінің 75 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Бұл өңірдің аграрлық секторындағы мүмкіндігінің зор екенін көрсетеді.



Бүгінде облыста инвесторларға қолайлы жағдай жасалған. Қазіргі таңда 21 индустриялық аймақ пен «Turan» арнайы экономикалық аймағы жұмыс істейді. Мұнда кәсіпкерлерге салықтық жеңілдіктер ұсынылып, өндіріс орындарын ашуға жан-жақты қолдау көрсетілуде. Нәтижесінде Түркістан өңірі шетелдік инвесторлар үшін тартымды алаңға айналып келеді.

Өз кезегінде Өзбекстан Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Бахтиер Ибрагимов Түркістан облысының әлеуетіне жоғары баға беріп, екі ел арасындағы серіктестікті одан әрі дамытуға дайын екенін жеткізді.

– Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы байланыс – терең әрі берік достыққа негізделген. Түркістанның орны біз үшін ерекше. Бұл – ортақ руханиятымыздың алтын діңгегі. Біз өзбекстандық кәсіпкерлер мен инвесторларды Түркістан өңіріне бағыттап келеміз. Әсіресе туризм мен кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы ынтымақтастықтың болашағы зор. Түркістанға келетін өзбекстандық туристердің саны жыл сайын артып келеді. Сондықтан бұл бағыттағы бірлескен жұмыстар жалғаса береді, – деді Елші.

Айта кетейік, бүгінде Түркістан облысында инвестиция тарту негізгі басымдықтардың біріне айналған. Өңірде ауқымды халықаралық жобалар жүзеге асырылып жатыр. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Түркістан облысы мен Өзбекстан арасындағы тауар айналымы 560 миллион АҚШ долларына жеткен. Оның ішінде экспорт көлемі – 409,5 миллион, импорт көлемі – 150,5 миллион АҚШ долларын құрайды.

Сондай-ақ Өзбекстаннан Қазақстанға тартылған тікелей инвестиция көлемі 292,8 миллион АҚШ долларына жетті. Қазіргі таңда бірлескен бірнеше жоба кезең-кезеңімен жүзеге асуда. Олардың қатарында ет өңдеу кешенінің құрылысы, Сауран ауданындағы суару жүйелерін өндіретін зауыт және балық шаруашылығын дамыту жобалары бар.

Кездесу қорытындысында тараптар екі ел арасындағы стратегиялық әріптестікті одан әрі нығайтуға ниетті екенін білдіріп, өзара тиімді жобаларды бірлесе жүзеге асыруға уағдаласты. Бұл – тек экономикалық байланыс қана емес, тамыры терең бауырластықтың, ортақ рухани құндылықтардың жарқын көрінісі. Түркістан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастықтың нығаюы тұтас Орталық Азия кеңістігіндегі тұрақтылық пен өркендеудің маңызды кепілі болмақ.

## СУ ҮНЕМДЕУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ОРТАЛЫҒЫ

Түркістан облысы бүгінде еліміздің агроөнеркәсіптік саласындағы стратегиялық маңызы зор өңірлердің біріне айналды. Берекелі аймақ Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің шамамен 13 пайызын қамтамасыз етіп отыр. Әсіресе, суармалы егіншіліктің үлесі жоғары болуы Түркістанның аграрлық әлеуетін айқындай түседі. Республикадағы суармалы жерлердің төрттен бір бөлігі, яғни 554 мың гектардан астам алқап дәл осы өңірде орналасқан. Сондықтан су ресурстарын тиімді пайдалану мен заманауи агротехнологияларды енгізу – өңір дамуының басты басымдықтарының біріне айналған.

Соңғы жылдары климаттық өзгерістер мен су тапшылығы мәселесі әлем елдері үшін өзекті тақырыпқа айналып отыр. Бұл жағдай ауыл шаруашылығы саласына жаңа талаптар жүктеп, су үнемдеу технологияларын енгізудің маңызын арттырды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та халыққа арнаған Жолдауында ауыл шаруашылығында суды үнемдейтін озық технологияларды кеңінен енгізу қажеттігін атап өтіп, олардың көлемін жыл сайын 150 мың гектарға дейін ұлғайту жөнінде нақты міндет қойған болатын. Бұл тапсырма Түркістан облысында жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді.

Бүгінде өңір су үнемдеу технологияларын өндіретін және енгізетін ірі орталықтардың біріне айналып отыр. Еліміздегі жаңбырлатып суару машиналарын шығаратын алғашқы зауыттың дәл Түркістан облысында іске қосылуы – соның айқын дәлелі. Қазіргі таңда облыста заманауи суару технологияларын өндіретін төрт ірі кәсіпорын табысты жұмыс жүргізуде.

Атап айтқанда, «BNK GROUP LTD» ЖШС, «KAZ KIOTI» ЖШС, «ХИНЖИН Ирригейшн» ЖШС және «TURAN SU» МКК су үнемдеу технологияларын шығарып, шаруаларға қолжетімді өнім ұсынуда. Жалпы құны 25,7 миллиард теңгені құрайтын бұл өндірістік жобалардың жылдық қуаттылығы 163 мың гектар алқапты қамтуға мүмкіндік береді. Оның ішінде 73 мың гектарға тамшылатып суару, ал 90 мың гектарға жаңбырлатып суару технологияларын енгізуге жағдай жасалған.

Бұл – тек өндіріс көлемінің өсуі ғана емес, өңірдегі аграрлық сектордың жаңа сапалық деңгейге көтерілгенінің көрінісі. Себебі су үнемдеу технологиялары ауыл шаруашылығындағы шығынды азайтып қана қоймай, өнім көлемін арттыруға мүмкіндік береді. Мамандардың айтуынша, мұндай технологиялар арқылы ағын суды 1,5–2 есеге дейін үнемдеуге болады. Сонымен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі 2–3 есеге дейін артады. Яғни әрбір тамшы су тиімді пайдаланылып, жердің өнім беру қабілеті күшейеді.

Қазіргі таңда Түркістан облысында су үнемдеу технологиялары енгізілген алқап көлемі 114 мың гектарға жетіп, жалпы суармалы жерлердің 20 пайызын қамтып отыр. Бұл көрсеткіш өңірдегі аграрлық реформалардың нақты нәтижесін аңғартады. Әсіресе су тапшылығы жиі байқалатын оңтүстік аудандар үшін бұл технологиялардың маңызы ерекше.

Өңірде қолға алынған жұмыстар мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта қосымша құны 6 миллиард теңгені құрайтын тағы екі кәсіпорынды іске қосу жоспарланып отыр. Жаңа өндіріс орындары 30 мың гектар алқапты су үнемдеу технологияларымен қамтуға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде шаруалардың заманауи технологияларға қолжетімділігін арттырып, егін шаруашылығының тиімділігін еселей түспек.

Су тапшылығы мәселесін шешу – бүгінде Түркістан облысы үшін аса маңызды міндеттердің бірі. Өңірдегі егіс алқаптарының басым бөлігі трансшекаралық каналдарға тәуелді болғандықтан, су ресурстарын үнемдеу стратегиялық мәнге ие. Осыған байланысты облыста жыл сайын кемінде 50 мың гектар жерге су үнемдеу технологияларын енгізу жоспарланған.

Өткен жылы оңтүстік өңірлерде байқалған су тапшылығы бұл бағыттағы жұмысты жеделдетудің маңызын тағы бір мәрте дәлелдеді. Сол себепті 2026 жылға Мақтаарал, Жетісай және Шардара аудандарының әрқайсысына 8 мың гектардан жоспар бекітілген. Қазіргі таңда облыс көлемінде 34 мың гектар алқапта су үнемдеу технологияларын енгізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Аталған бастамаларды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 2026 жылға 31,3 миллиард теңге қаржы қарастырылған.

Бұл қаражат агроөнеркәсіптік кешенді жаңғыртуға, су ресурстарын тиімді басқаруға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталмақ.

Аграрлы аймақтың әлеуетін арттыруға бағытталған мұндай жүйелі жұмыстар алдағы уақытта Түркістан облысын Орталық Азиядағы заманауи агротехнологиялардың жетекші орталықтарының біріне айналдыруы әбден мүмкін.

**Бетті дайындаған: Ұлжан НАУШАБАЕВА.**

# АЙМАҚ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ КӨРСЕТКІШТЕРІ БОЙЫНША ОҢ ӨСІМ КӨРСЕТУДЕ

Түркістан өңірі соңғы жылдары әлеуметтік-экономикалық даму қарқынын үдетіп, тұрақты даму көрсеткіштері бойынша республикадағы алдыңғы қатарлы аймақтардың біріне айналып келеді. Өңірде халықтың әл-ауқатын арттыру, экономиканы әртараптандыру, әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету және экологиялық тұрақтылықты сақтау бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылуда.



Осы бағыттағы маңызды кездесулердің бірі ретінде Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев Біріккен Ұлттар Ұйымының даму құқығы мәселелері жөніндегі арнайы баяндамашысы Сурья Девамен кездесті. Кездесу барысында тараптар өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму барысын, тұрақты даму мақсаттарының жүзеге асырылуын және халықаралық тәжірибені енгізу мәселелерін кеңінен талқылады.

Жиында сөз алған облыс әкімінің орынбасары Түркістан өңірінің қарқынды дамып келе жатқанын атап өтіп, экономика, инфрақұрылым және әлеуметтік салалардағы оң өзгерістерге тоқталды.

– Түркістан өңірі әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз етуде Біріккен Ұлттар Ұйымы жариялаған тұрақты даму мақсаттарына ерекше мән береді. Біз экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттілікті үйлестіре отырып, халықтың әл-ауқатын арттыруға және қоршаған ортаны қорғауға бағытталған кешенді саясат жүргізіп келеміз, – деді Ертай Алтаев.

Ресми мәліметке сәйкес, 2026 жылғы 1 наурыздағы жағдай бойынша Түркістан облысының халқы 2 миллион 146,7 мың адамға жеткен. Оның ішінде 545,1 мың адам – қала тұрғындары болса, 1 миллион 601,6 мың адам ауылдық жерлерде тұрады. Бұл – Түркістан облысының еңбекке қабілетті, демографиялық әлеуеті жоғары өңір екенін аңғартады.

Айта кетерлігі, 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларында Түркістан облысының қысқа мерзімді экономикалық өсімі 119,4 пайызды құрап, республика бойынша екінші орынға көтерілді. Бұл көрсеткіш өңір экономикасының тұрақты даму траекториясына түскенін және инвестициялық белсенділіктің артып келе жатқанын көрсетеді.

Кездесуде экологиялық тұрақтылық мәселесіне де айрықша назар аударылды. Өңірде табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, жасыл технологияларды енгізу, қоршаған ортаны қорғау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру бағытында ауқымды жобалар іске асырылып келеді. Табиғат пен адам арасындағы тепе-теңдікті сақтау – қазіргі кезеңдегі маңызды міндеттердің бірі екені айтылды.

Сонымен қатар көші-қон және интеграция мәселелері де күн тәртібінен тыс қалған жоқ. Түркістан облысында азаматтардың құқықтары мен мүмкіндіктерінің теңдігін қамтамасыз ету, этносаралық татулық пен қоғамдық келісімді нығайту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда.

Жиын барысында гендерлік теңдік мәселесі де кеңінен сөз болды. Түркістан облысы – демографиялық өсімі жоғары, берекелі отбасылар көп шоғырланған аймақ. Бүгінде өңірде 400 мыңнан астам отбасы бар. Көпбалалы аналардың басым бөлігі де осы қасиетті өлкеде тұрады.

Қазіргі таңда Түркістан облысындағы 5611 мемлекеттік қызметшінің 1572-сі, яғни 28,1 пайызы – әйелдер қауымы. Оның ішінде 233 әйел басшылық лауазымдарды атқарып келеді. Бұл – қоғамдағы әйелдердің рөлі артып, мемлекеттік басқару ісіне белсенді араласып отырғанының айқын көрінісі.

Әйелдер кәсіпкерлік саласында да белсенділік танытуда. Облыс көлемінде тіркелген 210 мыңнан астам кәсіпкердің 91 мыңнан астамы – нәзік жандылар. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 43,1 пайызына әйел азаматтар жетекшілік етеді. Бұл көрсеткіш әйелдердің экономиканың қозғаушы күшіне айналып келе жатқанын дәлелдейді.

Кездесу барысында азаматтық қоғамды қолдау, отбасы институтын нығайту, әйелдердің қоғамдағы белсенділігін арттыру және әлеуметтік тұрақтылықты сақтау бағытындағы бастамалар да талқыланды.

Жиын соңында Ертай Кенжебекұлы БҰҰ арнайы баяндамашысының тәжірибесі мен сараптамалық көзқарасы өңір үшін маңызды екенін атап өтті. Оның айтуынша, мұндай халықаралық деңгейдегі пікір алмасулар Түркістан облысының даму стратегиясын жетілдіруге, заманауи тәжірибелерді енгізуге және өңірдің халықаралық байланыстарын нығайтуға тың серпін береді.

Кездесу қорытындысымен тараптар екіжақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге, өзара тәжірибе алмасуды жалғастыруға және тұрақты даму бағытындағы бірлескен бастамаларды қолдауға ниетті екендерін жеткізді.

# ШАРДАРАДА СУ ҮНЕМДЕУ МЕН КӨКТЕМГІ ДАЛА ЖҰМЫСТАРЫ БАСТЫ НАЗАРДА

Шардара ауданында көктемгі дала жұмыстарының қарқыны, су ресурстарын тиімді пайдалану және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері кеңінен талқыланған маңызды мәжіліс өтті. Өңірдің ауыл шаруашылығы әлеуетін арттыру мен су тапшылығы жағдайында тиімді шешімдер қабылдауға бағытталған жиын облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбековтың жұмыс сапары аясында ұйымдастырылды.



Мәжіліске аудан әкімінің орынбасары Бердешов Жұмасұлтан Оразбекұлы, ауыл әкімдері, сала мамандары мен ірі шаруақожалықтардың жетекшілері қатысып, ауданның 2026 жылға арналған әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері, көктемгі егіс науқанының барысы, су шаруашылығы саласындағы ахуал және инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асуы жан-жақты сараланды.

Жиында ең алдымен су үнемдеу технологияларын енгізу мәселесіне ерекше назар аударылды. Бүгінде климаттық өзгерістер мен су тапшылығы ауыл шаруашылығы саласына үлкен талап қойып отырғаны белгілі. Осыған байланысты ауданда заманауи су үнемдеу тәсілдерін кеңінен қолдану бағытында жүйелі жұмыстар атқарылуда. 2026 жылы мұндай технологияларды 8 мың гектар жерге енгізу жоспарланған болса, қазіргі таңда оның 7 959,3 гектары толық қамтылған. Бұл бағыттағы жұмыстарды «КазКиоти», «Нөсер», «Жәрдем АС», «Казкрахмал» және «Агротехкредит» компаниялары жүзеге асыруда.

Дегенмен мәжілісте кейбір мердігер ұйымдардың жұмыс қарқыны сынға алынды. Әсіресе «БНК групп» компаниясының жобаларды орындаудағы баяулығы айтылып, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктелді. Облыс әкімінің орынбасары атқарылып жатқан жұмыстардың сапасы мен мерзіміне ерекше көңіл бөліп, әрбір жобаның нәтижелі аяқталуы тұрғындардың әл-ауқаты мен аудан экономикасына тікелей әсер ететінін атап өтті.

Көктемгі дала жұмыстарының барысы да кеңінен талқыланды. Биыл Шардара ауданында 58 мың гектар егіс алқабын игеру жоспарланған. Негізгі дақылдардың қатарында мақта, жүгері, күріш және жоңышқа бар. Қазіргі таңда мақта мен жүгері, сондай-ақ бақша дақылдарын егу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізіліп жатыр. Егіс алқаптарында техникалардың тынымсыз еңбегі мен шаруалардың қарбалас тіршілігі көктемгі науқанның қызған шағын аңғартады.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау бағытында да ауқымды жұмыстар қолға алынған. Шаруаларға көктемгі дала жұмыстарына қажетті 2 630 тонна дизель отыны бөлініп, минералды тыңайтқыштармен қамтамасыз ету шаралары ұйымдастырылуда. Сонымен бірге «Кең дала» бағдарламасы аясында 253 шаруашылыққа жалпы көлемі 2,31 миллиард теңге болатын жеңілдетілген несие берілген. Бұл қолдау шаруалардың еңсесін көтеріп, егіс жұмыстарының уақытылы әрі сапалы жүргізілуіне мүмкіндік беруде.

Мәжілісте су ресурстарын тиімді пайдалану мәселесі ерекше өзектілікке ие болды. Соңғы жылдары өңірдегі су тапшылығы күрделі мәселеге айналғандықтан, су көп қажет ететін дақылдардың көлемін қысқарту бағытында нақты қадамдар жасалуда. Осыған байланысты күріш егісінің көлемі азайтылып, оның орнына



суды аз тұтынатын жүгері алқаптары ұлғайтылып жатқаны айтылды. Бұл – табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен ауыл шаруашылығын жаңа талаптарға бейімдеудің маңызды қадамы.

Сонымен қатар шаруашылықтардың басым бөлігі «Қазсушар» РМК-мен тиісті келісімшарттар жасап, су пайдалану тәртібін заң аясында реттеп отырғаны мәлім болды. Бұл су бөлу жүйесінің тиімділігін арттырып, егістік алқаптарын қажетті мөлшерде сумен қамтамасыз етуге жол ашады.

Жиында Шардара су қоймасындағы қазіргі ахуал да баяндалды. Мәліметке сәйкес, бүгінде су қоймасындағы су көлемі 5 миллиард 132 миллион текше метрге жетіп, өткен жылмен салыстырғанда артқан. Су келуі мен шығуы белгіленген режимге сай реттеліп отыр. Ал ауданға бекітілген су лимиті 964,7 миллион текше метрді құрайды. Бұл көрсеткіштер биылғы егіс науқанын тұрақты өткізуге мүмкіндік береді деген сенім бар.

Фитосанитарлық қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмады. Ауданда 36 800 гектар жер зерттеліп, зиянкестер анықталған аумақтарда шегірткеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілген. Мамандардың айтуынша, мұндай алдын алу шаралары өнім көлемін сақтап, егіннің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Мәжілісте инфрақұрылымдық жобалардың жүзеге асу барысы да сөз болды. Атап айтқанда, Ислам даму банкінің қаржыландыруымен аудан аумағындағы 8 каналға қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Жалпы құны 6,38 миллиард теңгені құрайтын бұл жоба 2027 жылға дейін кезең-кезеңімен іске асырылмақ. Нәтижесінде қосымша 910 гектар суармалы жер ауыл шаруашылығы айналымына енгізіледі деп күтілуде. Бұл өз кезегінде егістік көлемін арттырып қана қоймай, аудан экономикасының дамуына да тың серпін бермек.

Жиын қорытындысында су ресурстарын тиімді пайдалану, егіс құрылымын әртараптандыру және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту бағытындағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажеттігі атап өтілді. Облыс әкімінің орынбасары жауапты сала басшылары мен мердігер мекемелерге нақты тапсырмалар жүктеп, барлық жобалардың уақытылы әрі сапалы орындалуы қатаң бақылауда болатынын жеткізді.

Шардарадағы бұл бастамалар – ауыл шаруашылығын жаңа технологиялармен ұштастырып, табиғи ресурстарды ұқыпты пайдалану арқылы өңірдің тұрақты дамуына жол ашатын маңызды қадамдардың бірі.

**Бетті дайындаған: Арайлым ӘБСАҒАТ.**

Шежіре деректері бойынша Келдібекұлы Қазыбек Арғынның Қаракесек (Болатқожа) руынан. Қаракесектің бір атасынан Бұлбұл, одан Шаншар туады. Шаншардың екінші әйелі Айбикеден Келдібек, Тыныбек, Жәнібек және Есіркеп тарайды. Оларды ел арасында «төрт бек» деп те атаған. Қазыбектің әкесі Келдібек отызға келгенше үйленбей жүріпті. Ел арасындағы аңызда: Келдібекке Бұлбұл бабасы түсінде «Сен қатын алмайсың, ешбір әйелге көзіңді салмайсың. Алатын әйелің мынандай болады: ұзын бойлы сары қыз, оң аяғы ақсақ, көзі қыли, оң жақ құлағының түбінде бармақтай меңі, екі емшегінің арасында алақандай қалы болады. Сен соған үйленесің » - депті. Бабасы берген аянға сай Келдібек қызға жол жөнекей кездесіп, танысады. Қыздың аты Тоқмейіл екен. Келдібектің әке- шешесі: «Балам- ау қыз құрып қалғандай жүріп-жүріп тапқаның осы болды ма?» - деп реңжіпті. Сонда Келдібек: «Қаймағын піскен сүттің алдым қалқып, аяғы ақсақ болғанымен ақылы артық. Көзі қыли болса да сөзі түзу, Сөйлескеннен өн-бойым кетті балқып, » - деген екен.

Осыған орай Қазыбек бидің тегі және әулеті қазақ тарихында ерекше орын алған. Мысалы, Шаңқар бабасы өте білгір болған. Оны білімділігі мен даналығы үшін Абыл деп атаған.

Отбасылық тәрбиенің арқасында Қазыбек жастайынан шешендігімен және зеректігімен көзге түсіп, кейін атақты би болған.

Оған жоңғар билеушісіне алғаш елшілікке барған жас кезінде айтқан мына сөзі телінеді:

*Сен — қалмақсың, біз — қазақпыз,*
*Сен — темірсің, біз — көмірміз,*
*Темірді балқытатын.*
*Біз мұнда келдік:*
*Бетпе-бет ерлерше сөйлесуге,*
*Арамыздағы дауды шешуге.*
*Тұтқынға түскен бала мен әйелге тиісудің керегі жоқ!*
*Білгіміз келеді — ұстанымың қандай?*
*Сол үшін жат жұртқа келдік.*
*Егер келіссөзге келмесең,*
*Мәселені майданда шешеміз!*
*Арыстандай айқасуға дайынбыз соңына дейін!*
*Келіссөзге дайын болсаң — ашық айт, айла қылма!*
*Қалай болса да,*
*Бар шындықты тура айт!*

«Би» термині, шамасы, көне түркі тіліндегі «білік» сөзінен шыққан, оның екі мағынасы болған: «басқару» және «білу». Шыңғыс хан дәстүрінде бұл сөз «нақыл сөздер», «афоризмдер», «мысалдар», «тағылымды әңгімелер» деген мағына да алған. Осындай әңгімелерді орнымен қолдану, сол арқылы мәселелерді шешу өнері өте жоғары бағаланған.

Жалпы, бұған Қазыбек бидің қызметі дәлел: шешендік, тапқырлық, қарсы уәж айта білу, сөзден ұстап алу — халықаралық саясат пен дипломатияның маңызды бөлігі болған, кейде шайқастың сипаты мен нәтижесін анықтайтын батырлардың бірлігімен тең дәрежеде мәнге ие еді. Сондықтан би — мәселені терең түсіне алатын, оны саралап, түйінін шеше білетін, сол арқылы іс барысына хандар мен заңды билеушілерден кем әсер етпейтін тұлға.

1680 жылы Тәуке бүкіл қазақтың ханы болып жарияланған кезде, «Алты Алашқа» (қазақтың үш жүзі, ноғайлар, башқұрттар мен өзбектер, кейін қазақтың үш жүзіне қырғыздар қосылып, «Алты Алаш» аталған) басшылыққа Ұлы жүзде — Төле би, Орта жүзде — Қазыбек би, Кіші жүзде — Әйтеке би, сондай-ақ қырғыз ұлысында бір би танылған.



# ҚАЗЫБЕК БИ - ТАРИХИ ТҰЛҒА!

**Қазыбек Келдібекұлы (1667–1764 жж.) – халық арасында Қаз дауысты Қазыбек деп танымал («сөзі мен үні асқан Қазыбек», яғни «дауысымен дараланған Қазыбек»). Аңыз бойынша, бұл атауды ол қазақтардың қас жауы, жоңғар қонтайшысы Галдан Цереннің өзін сөз өнерімен жеңіп, ықпал еткеннен кейін алған.**

Қазыбек бидің қазақ халқы тағдырындағы рөлі туралы былай айтуға болады: ол — біртұтас орталықтанған қазақ мемлекетін құру мен нығайту бастамашыларының бірі, егемендік пен аумақтық тұтастықты қорғаушы. Қазыбек би Төле би және Әйтеке бимен бірге үш жүздің бірлігін қамтамасыз еткен тарихи тұлға ретінде белгілі.

Абылайдан үлкен болашақ күткен, оның мінезін, рухының беріктігін, қазақ халқының бірлігі идеясына адалдығын жоғары бағалаған Қазыбек би табандылық танытып, Абылайды еліне қайтаруға қол жеткізді. Елге оралған соң, Абылай ресми түрде хан болмаса да, Сарыарқада хандық билікті басқарды.

Қазыбек би өмір бойы халықты бірлікке, ауызбіршілікке шақырып, ру аралық және хандар арасындағы билік үшін таластарды тоқтатуға ұмтылды. Сондай-ақ көрші халықтармен өркениетті қарым-қатынасты сақтаудың дұрыс жолын табуға күш салды.

Ол Тәуке хан тұсында қабылданған «Жеті жарғы» заңдар жинағын жасаушылардың бірі болды. Бұл заңдарда жер мәселелері, мүліктік қатынастар, отбасы, қылмыс пен жаза, халықаралық қатынастар, Отанды қорғау, құда түсу, ажырасу, жесірлердің жағдайы сияқты маңызды мәселелер реттелген.

Қазыбек би Қалдан Церенмен үш рет келіссөз жүргізіп, халықтың, әйелдердің және тұтқындардың мүддесін қорғаған. Оның қалмақ билеушісіне барған сапарларының бірі Абылайды тұтқыннан босатуға байланысты болған. Белгілі болғандай, Абылай 1741 жылы қалмақтардың Орта жүзге жасаған шабуылынан кейін тұтқынға түсіп, екі жыл бойы зынданда (түрмеде) отырған.

Қазыбек би 1764 жылдың желтоқсанында Семізбұға тауының етегінде, Теректі бұлағының жанында қайтыс болды. Оның ұлы Бекболат әкесінің денесін төрт ай сақтап, кейін Түркістанға апарып, Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерледі.

Қазбек бидің айтқан даналық сөздері бүгінгі ұрпаққа өте маңызды. Біз ол сөздердің философиялық мағынасын жақсы түсініп алуымыз қажет.

Мысалы мынау сөздері: «Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ соқтықпай жай жатқан елміз. Досымызды сақтай білген елміз, дәм- тұзды ақтай білген елміз. Дұшпанға қатал, досқа адал елміз» Бұл сөзде, қазақ халқы қонақжай, бейбітшілікті сүйетін ұлт. Алайда бұл оның осалдығын білдірмейді. Қазақ еліне дұшпандық ниетпен келгендерге қарсы қайсарлық пен батылдық таныту – әр азаматтың міндеті.

«Алтын ұяң – отаның қымбат, туып өскен елің қымбат, кіндік кескен жерің қымбат». Шынында, адам үшін ең қасиетті орын – туған жері мен Отаны. Туған елін сүйіп, оны көркейтуге үлес қосу – әрбір азаматтың парызы. Өз елінің қадірін білген адам ғана нағыз бақытты.

*«Елдің бағын ашатын да – ер,*
*сорын шашатын да ер».*

«Атадан жақсы ұл туса, Елінің өңі болады. Атадан жаман ұл туса, Көшінің соңы болады». Рас, халықтың тағдыры оның басшыларымен тығыз байланысты. Егер, ел басында білімді, адал, елжанды азамат тұрса, мемлекет гүлденеді. Ал егер билікке әділетсіз, ашкөз адамдар келсе, халық азап шегеді.

«Жақсы сөз – жарым ырыс». Өмірде, сөздің қуаты - оның шын жүректен шығуында. Жақсы сөз айтып, айналаңа ізгілік тарату – үлкен сауап. Өмірде әрбір сөздің салмағын түсініп, дұрыс қолдану қажет.

*«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ – бес дұшпаның білсеңіз».*

«Өркенің өссін десен- кекшіл болма!» Бұл қасиеттер адамды аздырады, оның өміріңе кедергі келтіреді. Өсек таратқан адам сенімнен айырылады, өтірікші адам сыйластықтан құлайды. Ал еріншектік пен ысырапшылдық адамның кедейленуіне әкеледі. Ал кекшілдік жақсылыққа апармайды.

«Тату елге тыныштық пен береке қонады». Казіргі шындық, бірлігі жарасқан халық қашан да мықты. Ішкі алауздық елді әлсіретеді, ал татулық мемлекетке қуат береді. Елдің болашағы – бірлігінде.

Қазыбек бидің сөздері – қазақ халқының рухани мұрасы әділет пен даналықтың үлгісі. Оның ойлары әрқашан өзектілігін жоғалтпай, кейінгі ұрпаққа бағыт- бағдар бола береді. Ол айтқан әділет, бірлік, адалдық сияқты ұстанымдар – қоғам дамуының негізі болып қала береді.

**Абдіжаппар ТҰРАШБЕКОВ,**
*Философия ғылымдарының кандидаты, Қауымдастырылған профессор, Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті.*

## ТҰЗДАНҒАН ЖЕРЛЕРДІ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУГЕ АРНАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛАР ӘЗІРЛЕНУДЕ

Қазақстандық ғалымдар экология мен еліміздің аграрлық секторын дамытуға қатысты өзекті мәселелерді шешуге елеулі үлес қосып келеді. «Қазақстандық ғалымдарды білесіз бе?» айдарында тұзданған аридті аумақтарда мал азықтық дақылдарды өсіру технологияларын әзірлеген ғалым туралы баяндаймыз.

Болат Мұхамбетов – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы. Ол 50 жыл бойы ауыл шаруашылығы мен жепшөп бағытында ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді.

Ғалым Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Биология, геоэкология және қуаңшылықтағы шөп өндірісі» ғылыми-өндірістік орталығының меңгерушісі, сондай-ақ «Экология, био- және нанотехнологиялар» ғылыми-зерттеу институтының директоры қызметін атқарады.

